

Этанды хлорлау реакциясы

Хлорлы этан C_2H_5Cl этанды хлорлау кезіндегі бірінші орынбасу өнімі болып табылады. Хлорлау процесі $300-500^{\circ}C$ та жүреді. Газ тәріздес реакция өнімдері салқындаудан скрубберлерге түседі, хлорлы сутекті жұтылу үшін сумен жуылады, одан кейін компрессормен $8-10$ ат дейін сығылады және $-25^{\circ}C$ дейін салқындатады. Хлорлы этил конденсирленеді және тазалау мен ректификацияға бағытталады. Әрекеттеспеген этанды хлорлы этилден бөліп алғаннан кейін циклге қайтарады.

Бұл процесті хлорлы метил синтезі үшін қолданылатын реакторларда жүзеге асырады, катализатор ретінде тетраэтилқорғасын қолданылады.